

Маңғыстау облысы білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог – дефектологтың жылдық есебі

Арнайы педагогтың 2023 - 2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, оқушыларға арнайы педагогикалық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Қыркүйек, қазан аралығында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға терең педагогикалық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б), оқушылардың негізгі оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерінің бланкілері дайындалды. Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы, жылдық жұмыс жоспарлары және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

Арнайы педагогикалық диагностикаға АПМПК қорытындысы бар 19 ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы диагностикаға алынды. ОПМПК қорытындысы және терең педагогикалық диагностика нәтижесінде бейімделген жалпы білім беретін бағдарламамен оқитын оқушы саны - 13, жеке оқу бағдарламасымен оқитын оқушы саны – 4, зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы бағдарламасымен оқитын оқушы саны – 1, жалпы білім беретін оқу бағдарламасымен оқитын оқушы саны – 1.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (арнайы педагог, педагог- ассистент, педагог- психолог) оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а,б) толтырылды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар (1а, 1б формалары), оқушылардың коммуникативі паспорттары толтырылып, зерттелінді.

Терең арнайы педагогикалық диагностикада оқушылардың негізгі пәндердің оқу бағдарламаларын (математика, қазақ тілі, әліппе) меңгеру деңгейі анықталды.

Оқушыларды арнайы педагогикалық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың даму деңгейін, жас ерекшелігін ескере отырып жеке және топтық сабақ кестесі құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді. Түзете-дамыту сабақтары екі негізгі пәнді біріктіре отырып, таным қабілеттерін дамыту негізінде өткізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы мен жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау мақсатында оқу жылының басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары және психологиялық- педагогикалық бағалау толтырылды.

Оқушылар жетістігі:

1. Республикалық «Шексіз шығармашылық» байқауының қалалық кезеңінде «Алтын қолдар» сәндік қолданбалы өнер номинациясы бойынша ІІ орынға ие болды.
2. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың арасында қашықтықтан өткізілген «Экология және Жердің болашағы» Республикалық байқауының «Жасыл мектеп» - жұмысының ІІ дәрежелі жеңімпазы атанды.

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2023-2024 оқу жылында 20 рет мектеп мұғаліміне (Мектеп мұғалімдеріне арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) және 22 рет ата-анаға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және әдістемелік кеңестер берілді.

12.03.2024 ж. ерекше білімді қажет ететін 2 сынып оқушыларымен “Менің қолымнан бәрі де келеді” атты тақырыбында тренинг өткіздім.

15.03.2024 ж. мектебімізде МБТЖО С.М.Реимбаеваның ұйымдастыруымен сынып жетекшілерге арналған «Бала тәрбиесіндегі сынып жетекшінің рөлі тақырыбында семинар өткізді. «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қолдау моделін қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқып, түсінік жұмыстарын жүргізді.

Педагог - дефектолог: Сағидуллаева Гүлжанат Сәбижанқызы